



"Жол полициясы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері фактілері бойынша азаматтардың шағымдарын қабылдаудың тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 411 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 8 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1540. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 15 сәуірдегі N 147 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2009.04.15 N 147 бұйрығымен.

Жол полициясы қызметкерлерінің жол қозғалысына қадағалауды жүзеге асырудағы заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Жол полициясы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері фактілері бойынша азаматтардың шағымдарын қабылдаудың тәртібі туралы Нұсқаулық (1-қосымша) бекітілсін. 2. Астана және Алматы қалалық, облыстық ПББ, ПБ ЖПБ бастықтарына жол полициясының барлық бөлімшелерінің жеке құрамымен Нұсқаулықтың оқылуы және оның талаптарын міндетті түрде орындауы қамтамасыз етілсін. 3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының ішкі істер вице-Министрі полиция генерал-майоры И.И. Оттоға, Қазақстан Республикасы ІМ Жол полициясы департаментіне (Н.Т. Мырзабеков) жүктелсін. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі- Ішкі әскерлер қолбасшысы генерал-майор
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
Ішкі істер Министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 411 бұйрығына N 1
Қ о с ы м ш а

Жол полициясы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері фактілері бойынша азаматтардың шағымдарын қабылдаудың тәртібі туралы
Н Ұ С Қ А У Л Ы Қ

1. Жол полициясы бөлімшелерінде азаматтардың шағымдарын қабылдау Қазақстан Республикасы Президентінің "Азаматтардың өтінімдерін қараудың тәртібі туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2340 U952340_ Жарлығына сәйкес жүзеге асырылады. Осы Нұсқаулық жол полициясы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері фактілері бойынша азаматтардың шағымдарын қабылдау мен қарауды ұйымдастыру мақсатында әзірленген.

2. Осы Нұсқаулықтың күші, шешудің тәртібі әкімшілік құқық бұзушылық K010155_ , қылмыстық іс жүргізу Z970206_ , азаматтық іс жүргізу туралы K990411_ заңдармен және өзге де заңнамамен белгіленген азаматтардың өтінімдеріне қолданылмайды.

3. Азамат әкімшілік құқық бұзушылық жасағандығы туралы ұсынылған талаптармен немесе салынған әкімшілік жазамен өзінің келіспеушілігін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамада егжей-тегжейлі жаза алады. Мұндай шағымдарды берудің және қараудың тәртібі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексiмен K010155_ р е т т е л е д і .

4. Жол полициясы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері фактілері бойынша азаматтардың шағымдарын қабылдауды тәулік бойы жол полициясы бөлімшелері, оның ішінде жол қозғалысын қадағалауды жүзеге асыратын жол полициясы қызметкерлері жүзеге асырады.

5. Азаматтардың жол полициясы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттеріне жазбаша және ауызша, оның ішінде телефон бойынша түскен шағымдары арнайы журналдарда тегін, аты-жөнін, тұратын орны, жұмысы немесе оқуы туралы мәліметтерін көрсетумен (1-қосымша) тіркеледі.

6. Жол полициясының басқармаларында (әрі қарай текс бойынша ЖПБ), стационарлық постыларда "Азаматтардың шағымдары үшін" деген жазуы бар арнаулы почта жәшіктері орнатылады. Почта жәшіктері мөрленуі тиіс. Жол полициясы постыларында почта жәшіктерінен хат-хабарларды алуды жол полициясы жасақтарының қызмет етуін тексеруге уәкілетті қызметкерлер, ЖПБ ғимараттарында - аға кезекші инспектор жүзеге асырады.

7. Жол полициясы басқармасы реттік нөмірі мен сериясы бар белгіленген үлгідегі шағымдар бланкілерімен (2-қосымша) орталықтандырылған түрде қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

8. ЖПБ бастығының өкімімен жол полициясы басқармасы ұйымдастырулық-талдаулық қамтамасыз ету бөлімінің (бөлімшесінің) шағымдар бланкілерінің есебін жүргізу, оларды тиісті бөлімшелерге беру функциялары жүктелетін жауапты қызметкері, ал тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінде (әрі қарай - ТЕБ), автожол инспекциясы, әкімшілік тәжірибе бөлімшелерінде, саптық бөлімшелерде шағымдар бланкілерінің есебін жүргізу және оларды төмен тұрған

құрылымдық бөлімшелер мен жол полициясы инспекторларына қол қойғызып беру жөніндегі жұмыс жүктелетін жауапты қызметкерлер тағайындалады.

9. ТЕБ, автожол инспекциялары (диагностика станцияларында), әкімшілік тәжірибе бөлімшелерінде, қалалық, аудандық ішкі істер бөлімдерінің жол полициясының бөлімдерінде (бөлімшелерінде, топтарында) шағымдардың бланкілері бөлімшелердің басшыларында сақталады және азаматтардың талап етуі бойынша оларға беріледі.

10. Жол полициясы инспекторларына шағымдардың бланкілерін тікелей командирлері (взводтардың, бөлімшелердің) береді. Қызметке шығар кезде әрбір жол полициясы инспекторында азаматтардың шағым бланкілері болуы тиіс.

11. Азамат жол полициясының инспекторы оның құқықтарын бұзды деп есептеген жағдайларда, сондай-ақ жол полициясының тарапынан заңсыз іс-әрекеттер болған басқа да жағдайларда оның инспекторға өтінім жасауға және белгіленген бланкіде шағым жазуға құқығы бар. Жол полициясының инспекторы азаматқа шағым бланкісін бөгетсіз беруге және ол толтырылғаннан кейін мәлімдеушіге оны қабылдап алғандығы туралы талон беріп оны қабылдауға міндетті.

Шағымдардың белгіленген бланкілері болмаған жағдайда, азамат еркін үлгіде шағым жазуға құқығы бар, оның көшірмесіне жол полициясының инспекторы шағымды алғандығы жөнінде қол қояды.

Кезек аяқталғаннан кейін жол полициясының инспекторы әкімшілік бұзушылық туралы хаттамаларды тапсырумен қатар, түскен шағымдарды да тапсырады.

12. ТЕБ, әкімшілік тәжірибе, автожол инспекциялары бөлімшелерінде азамат жол полициясы қызметкерлерінің барлық заңсыз іс-әрекеттері туралы тікелей бөлімшенің бастығына жолығады және белгіленген бланкіде шағым жазады. Көрсетілген бөлімшенің бастықтары түскен шағымдар туралы Жол полициясы басқармасының кезекші бөліміне хабарлайды.

13. Азаматтардың Жол полициясы басқармасының кезекші бөліміне келіп түскен барлық ауызша және жазбаша шағымдары туралы аға кезекші-инспектор басқарма бойынша жауапты адамға немесе ЖПБ-ның басшылығына дереу хабарлайды.

14. Азаматтардың жол полициясы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттеріне келіп түскен ауызша және жазбаша шағымдарын Жол полициясы басқармасы бойынша жауапты адам кешіктірмей қарайды және оларды қараудың нәтижелері жұмыс аяқталғаннан кейін ЖПБ-ның басшылығына баяндалады. Қажет болған жағдайларда ЖПБ-ның басшылығымен келісім бойынша, тексеруге ішкі істер органдарының ішкі қауіпсіздік және жедел қызметінің қызметкерлері тартылуы мүмкін.

15. ТЕБ-нен шалғайда орналасқан, ішкі істер органдарының аумақтық жол полициясы бөлімдерінде, азаматтардан түскен шағымдардың негізділігін тексеруді көрсетілген бөлімшелердің бастықтары жүзеге асырады. Тексерулердің материалдары арнаулы іске тігіледі және тәулік ішінде ЖПБ-на жолданады.

16. Жол полициясы тарапынан заңсыз іс-әрекеттер фактілері расталған жағдайларда тексеру жүргізуші адам азаматтың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдайды, ресми кешірім сұралады. Азаматтың құқықтарының бұзылуына жол берген қызметкерге қатысты қызметтік тексеру жүргізіледі.

17. Жол полициясы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері фактісі бойынша шағымды қабылдамаған, оларды қараудан жасырған не азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөнінде уақтылы шаралар қабылдамаған, азаматтардың құқығының бұзылғандығына жол берген қызметкерлерге, заңнамаға сәйкес тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылады. 18. Келіп түскен шағымдарға талдау жасау, олардың уақтылы қаралуын бақылау ішкі істер бас басқармаларының, ішкі істер басқармаларының ЖПБ бастықтарына жүктеледі. Нұсқаулыққа N 1-қосымша Жол полициясы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері туралы азаматтардың жазбаша және ауызша шағымдарын қабылдау және есебін жүргізу ЖУРНАЛЫ _____

_____ р/с Күні Аты-жөні Өтінішті Өтініш, Ескертпе және өтініш және қысқаша қабылдап мәлімдеу уақыты фабуласы (ауызша, алушының кімге берілді. жазбаша) аты-жөні Аты-жөні, және лауазымы, қабылданған күні, қолы шаралар _____

1 2 3 4 5 6 _____

Н ұ с қ а у л ы қ қ а

N

2 - қ о с ы м ш а

СЕРИЯСЫ _____ N _____ ШАҒЫМҒА ТҮБІРТЕК Мәлімдеушінің аты-жөні _____
_____ Тұратын жері _____ телефоны _____ "
_____ күні _____ 2001 ж. уақыты _____ Өтінішті қабылдап
алушының аты-жөні, лауазымы және қолы _____

_____ Орындау үшін кімге берілді _____
_____ кию сызығы ----- _____ облысы (қаласы) _____
_____ ПББ (ПБ) ЖПБ бастығы _____ мәлімдеушінің
аты-жөні мекен-жай _____ тел. _____ Сериясы _____ N _____ Шағым _____

_____ көрсетілген фактілердің
егжей-тегжейлі мазмұны _____

_____ Күні _____
қолы қию сызығы ----- Сериясы ___ N__ Шағымға қиып
алынатын талон (мәлімдеушіге беріледі) Шағымды қабылдаған қызметкердің
аты-жөні, лауазымы, өңірлік белгісі _____

_____ Күні _____ қолы _____
Мамандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.